

Ғ.Ө.Сатенова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: sat.ayya@mail.ru)*

Бастауыш сынып оқушыларының қорқыныш сезімдерін эксперименталды тұрғыдан зерттеу

Мақалада кіші оқушы жасындағы балалардың қорқыныш сезімі мәселесі қарастырылған. Эксперименталды зерттеу нәтижелері көрсетілген. Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: балалардың қорқыныштарын анықтайтын «Үйшіктегі қорқыныштар» әдістемесі, үрейді анықтауға бағытталған Тэммл, Дорки, Амен тесті және авторлық сауалнама. Автормен құрастырылған анкета балалардың оқу процесіне қатысты қорқыныштарын анықтауға мүмкіндік береді. Алынған мәліметтер психологиялық тұрғыдан толықтай сараланып, сандық және сапалық талдау жасалды. Автордың қорытындылары кіші оқушы жасындағы балалардың қорқыныш гендерлік айырмашылықтарына қатысты.

Кілт сөздер: қорқыныш, үрей, эмоционалды күй, жағымсыз эмоционалды жағдай, жағымды эмоционалды жағдай, бастауыш сынып оқушылары, эмоционалды қатынас, үрей индексі, кіші оқушы жасындағы балалар.

Қазіргі кезде қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық жағдайында балаларға көптеген кері факторлар әсер етеді. Сондықтан да балалардың қорқыныш мәселесі ерекше орын алууда.

Қорқыныш — кішкентай бала атаулыға тән нәрсе. Бала емусіздіктен, жазалау қауіпінен, айкайдан қорқады. Мұны аурудың әдеттегі көрінісі деп емес, дені сау балалардың әдеттегі қорқынышы деп қабылдауымыз керек. Алайда баланы қорқыта беру, оған қоқан-лоққы көрсету бірте-бірте қорқынышты сипат алуы мүмкін. Бала бөгде адамдардан, қараңғыдан қорқа бастайды, бөлмеде жалғыз қала алмайды, басқа адамдар арасында үрейленеді. Қорқыныш күйі басылуы да немесе қайтадан өрлеу де мүмкін. Баланы қорқынышты күйден құтқару үшін үлкен адамдар оның таяныш-тірексіз еместігіне, жақсы қарым-қатынаста өмір сүретініне сенімін арттыруы керек [1].

Осыған байланысты практикалық психология мен педагогика үшін балалар қорқынышының мазмұнын, негізін, себебін, оларды жеңудің тиімді жолдарын анықтау мәселесі өте өзекті болып табылады.

Зерттеу объектісі — тұлғаның эмоционалды аймағы. Зерттеу пәні — кіші оқушы жасындағы балалар қорқынышы.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты: кіші оқушы жасындағы балалардың қорқыныш сезімдерін зерттеу ерекшеліктерін анықтау.

Міндеттер:

- балалардағы қорқыныштағы зерттеу әдістерін сұрыптау;
- кіші оқушылар жасындағы балалардың қорқыныштарын эксперименталды тұрғыдан зерттеу;
- қорқыныш мәселесіне қатысты зерттеу нәтижелерін талдау.

Болжам: кіші оқушы жасындағы қорқыныш сезімі оқушылардың жыныстық ерекшеліктеріне байланысты.

Зерттеу таңдамасы 60 адамнан құралған, 30 ер бала және 30 қыз бала. Сыналушылар 7–8 жас аралығындағы 2-сынып оқушылары.

Зерттеу жұмысы барысында келесі әдістемелерді қолдандық:

1. Балалардың қорқыныштарын анықтайтын «Үйшіктегі қорқыныштар» әдістемесі (А.И.Захаров және М.Панфилова) [2];

2. Үрейді анықтауға бағытталған Тэммл, Дорки, Амен тесті [3].

3. Өзімізбен құрастырылған анкета.

Сонымен, біз өз зерттеуімізде үш әдістеме жүргіздік, олардың нәтижелерін талдауға тоқталып өтейік.

1. Балалардың қорқыныштарын анықтайтын «Үйшіктегі қорқыныштар» әдістемесі.

Берілген әдістеме бойынша зерттеу нәтижелерін біз келесідей кестеге толтырып шықтық.

Сыналушылардың «Үйшіктегі қорқыныштар» әдістемесі бойынша көрсеткіштері

Сұрақтар	Сыналушылар, %		Сұрақтар	Сыналушылар, %	
	Ұл балалар	Қыз балалар		Ұл балалар	Қыз балалар
1	20	30	17	-	20
2	-	-	18	-	-
3	-	-	19	-	-
4	3	7	20	40	60
5	10	23	21	20	40
6	-	5	22	40	40
7	-	16	23	-	-
8	8	20	24	-	-
9	7	10	25	40	20
10	100	100	26	-	80
11	20	60	27	40	60
12	80	60	28	-	-
13	70	100	29	15	-
14	80	98	30	30	60
15	-	40	31	-	-
16	-	-			

Ұл балаларда ең жоғарғы көрсеткіштер келесі қорқыныштар бойынша анықталды: еретегілер кейіпкерлерін құрайтын қорқыныштар тобында сыналушылардың 100 % анықталған, қорқынышты түстерден сыналушылардың 80 % және жануарлардан сыналушылардың 80 % қорқады.

Қыз балалар арасында ең жоғарғы көрсеткіштер келесі қорқыныштар бойынша анықталды: еретегілер кейіпкерлерін құрайтын қорқыныштар тобында сыналушылардың 100 % анықталған, қараңғыдан сыналушылардың 100 % және жануарлардан сыналушылардың 98 %, сонымен бірге қаннан сыналушылардың 80 % қорқады.

Берілген нәтижелерді өзара салыстыратын болсақ, кіші оқушы жасындағы ұл және қыз балаларға ортақ еретегілер кейіпкерлерінен және жануарлардан қорқу тән. Сонымен қоса, ер балалар (80 %) қорқынышты түстерден қыздармен (60 %) салыстырғанда көбірек қорқады. Қыз балалар ер балалармен салыстырғанда қараңғыдан (ұл балалар — 70 %, қыз балалар — 100 %) және қаннан (ұлдар мүлдем қорқпайды, қыз балалар — 80 %) қорқады.

Ер балалар мен қыз балалар мүлдем қорықпайтын қорқыныштар тізімінен шабуыл, сырқаттанып қалу немесе бір ауруды жұқтырып алу, табиғи апаттарды, тереңдіктен, жабық кеңістіктерден, соғыстар, үлкен көшелер мен алаңдардан, ауырсынулардан (ауратын кезде) және мектепке кешігіп барудан қорқуды жатқызуға болады.

Сонымен, балалардың қорқыныштарын зерттейтін «Үйшіктегі қорқыныштар» әдістемесі (А.И.Захаров және М.Панфилова) бойынша сыналушыларда анықталған қорқыныштар көрсеткіштері әдістеменің қалыпты көрсеткіштерімен сәйкес келеді, яғни кіші оқушы жасындағы қорқыныштар нормасына сәйкес. Сондай-ақ бұл жастағы ер және қыз балаларда бірдей ертегі еретегілер кейіпкерлерінен және жануарлардан қорқу тән. Дегенмен, қорқыныштардың бар болуына байланысты ер балалар мен қыз балалар арасында айырмашылықтар байқалды, қыз балаларда ер балалармен салыстырғанда қорқыныштар көбірек анықталды.

2. Үрейді анықтауға бағытталған Тэммл, Дорки, Амен тесті.

Баланың жауабына сәйкес келетін бетті таңдау және оның айтқан ойлары арнайы хаттама қағазына тіркелді. Әрбір баладан алынған хаттамалар сандық және сапалық тұрғыда талданады.

Сапалық талдау барысында әрбір сұраққа сыналушылардың берілген жауаптары жеке талданады.


Егер балаларда үрей индексі (ҮИ) жоғары болса, онда 6–7 жасар балалар үшін фрустрациялық жағдайлар негативті реакция көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері бойынша ер (100 %) және қыз (78 %) балалардың басым бөлігі жағымды эмоционалды қатынас танытты, яғни ер және қыз балалар басқа балалармен қатынас орната алатындығын көрсетеді.

Ер балалар 70 % нейтралды қатынас танытса, қыз балалардың 40 % ғана нейтралды қатынас танытып, 50 % кері эмоционалды қатынас танытты, яғни, бұл сыналушылар категориясына аналар тарапынан аз уақыт бөлінетіндігін көрсетеді немесе олардың арасында жалғыз балалы отбасыдан шыққан балалар бар. Бала агрессия объектісі ретінде ер (82 %) және қыз (100 %) балалардың басым бөлігі кері эмоционалды қатынас танытты. Киіну, жууну, тамақтану, нейтралды тұрмыстық жағдайлар ер балалардың 90 % және қыз балалардың 97 % нейтралды қатынас танытты. Бала анасымен ойнап жатыр, эмоционалды жағымды жағдай бойынша сыналушылардың басым бөлігі жағымды қатынас танытты (ер балалар 89 % және қыз балалар 95 %). Бала жалғыз ойнап отыр, нейтралды жағдай, бұл жағдайға ер балалар (75 %) жағымды эмоционалды баға берді, қыз балалардың (63 %) кері қатынас танытты, бұл жауап нәтижелері 1-суреттің нәтижелерімен сәйкес келеді. Ана баласына ұрсып жатыр, эмоционалды жағымсыз жағдай, осы жағдайға сыналушылардың басым бөлігі кері эмоционалды қатынас танытты (ер балалар 83 % және қыз балалар 90 %). Бала және кішкентай баламен ойнап жатқан әке, нейтралды жағдай. Сыналушылардың басым бөлігі осы жағдайға жағымды қатынас танытты (ер балалар 96 % және қыз балалар 71 %). Бәсекелес жағдайы, кері эмоционалды жағдай. Ер балалардың 60 % жағымды қатынас танытты, қыз балалардың 76 % жағымды қатынас танытты. Бала ойнап жатыр, нейтралды жағдай. Ер балалардың 54 % кері баға берді, қыз балалар 73 % жағымды баға берді. Оқшауландыру, басқа балардың баланы елемеу — кері эмоционалды жағдай. Бұл жағдайға қатысты ер балалардың 77 % жағымды қатынас танытты, ал қыз балалардың тек 55 % ғана жағымды баға берді. Бала ата-анасымен, эмоционалды жағымды жағдай. Бұл жағдай бойынша сыналушылардың басым бөлігі жағымды баға берді (98 % ер балалар және 76 % қыз балалар).

Сандық талдау барысында келесідей анықталды: сыналушыларға ортақ топтық үрей индексі есептелді. Ер балаларда $YI = 18\%$ және қыз балаларда $YI = 32\%$ көрсеткішті көрсетті. Яғни ер балаларда үрей индексінің төменгі деңгейі анықталды, қыз балаларда үрей индексі орташа деңгейде.

Сыналушылар арасындағы айырмашылықты келесі диаграмма арқылы көруге болады (1-сур.).



- 1 — мектепке келмей қалу; 2 — мектепке кешігіп қалу; 3 — жаман баға алу; 4 — тақта алдында жауап беруге; 5 — бақылау жұмысын немесе диктант жазудан; 6 — үй тапсырмасын орындамай келу; 7 — қателесуден; 8 — мұғалімнен; 9 — сыныптастарынан; 10 — ата-анадан қорқу

1-сурет. Сыналушылардың анкета бойынша салыстырмалы көрсеткіштері

Сонымен, үрейді анықтауға бағытталған Тэмпл, Дорки, Амен тесті бойынша нәтижелерді қорытындылай келе, біз сыналушылардың жыныстық ерекшеліктеріне байланысты айырмашылықтар бар екені байқадық, ер балаларда үрей индексі төмен деңгейде екенін, ал қыз балаларда орташа деңгейде екенін анықтадық.

3. Өзімізбен құрастырылған анкета.


Зерттеу әдістемесі бойынша сыналушылардың жауаптарының нәтижелерін төмендегі 2-кестеден көруге болады.

2 - к е с т е

Сыналушылардың анкета бойынша көрсеткіштері

№	Сұрақтар	Сыналушылар, %	
		Ұл балалар	Қыз балалар
1	Мектепке келмей қалудан қорқу	3	15
2	Мектепке кешігіп қалудан қорқу	-	-
3	Жаман баға алуға қорқу	28	60
4	Тақта алдында жауап беруге қорқу	-	-
5	Бақылау жұмысын немесе диктант жазудан қорқу	15	34
6	Үй тапсырмасын орындамай келуден қорқу	-	17
7	Қателесуден қорқу	4	22
8	Мұғалімнен қорқу	-	8
9	Сыныптастарынан қорқу	-	-
10	Ата-анадан қорқу	7	5

Алынған жауаптардың сапалық талдау бойынша ер балаларда қыз балалармен салыстырғанда мектеп саласына байланысты қорқыныштар аз деңгейде байқалды.



2-сурет. Ер балалар мен қыз балалар арасындағы үрей индексі бойынша айырмашылықтар

Көптеген авторлардың пікірінше, кіші оқушы жасында мектептегі оқу басты іс-әрекеттерінің бірі болғандықтан, бала үшін өте маңызды. Сол себептен бұл қорқыныштар бала үшін өзекті, сол жастық нормасына сәйкес келеді.

Ер балаларда ең көп кездесетін қорқыныштар — жаман баға алуға қорқу (28 %), бақылау жұмысын немесе диктант жазудан қорқу (15 %). Ал тақта алдында мектепке кешігіп қалудан, жауап

беруге, үй тапсырмасын орындамай келуден, мұғалімнен және сыныптастарынан қорқу мүлдем анықталған жоқ.

Қыз балаларда да ер балалардағыдай жаман баға алуға қорқу (60 %), бақылау жұмысын немесе диктант жазудан қорқу (34 %). Ал мектепке кешігіп қалудан, тақта алдында жауап беруге қорқу және сыныптастарынан қорқу мүлдем анықталған жоқ.

Ер және қыз балалардың жауаптары салыстырмалы түрде 1-суреттен көруге болады.

Сонымен, біз құрастырған анкета бойынша ер балалар мен қыз балалардың мектепке қатысты қорқыныштарының көрсеткіштер деңгейлері бойынша ғана айырмашылықтар анықталды. Сонымен қоса, ер және қыз балаларда кейбір қорқыныштар тізімі мүлдем анықталмаған.

Жүргізілген зерттеуіміз бойынша біз келесідей қорытындыға келдік.

Балалардың қорқыныштарын зерттейтін «Үйшіктегі қорқыныштар» әдістемесі (А.И.Захаров және М.Панфилова) бойынша сыналушыларда анықталған қорқыныштар көрсеткіштері әдістеменің қалыпты көрсеткіштерімен сәйкес келеді, яғни кіші оқушы жасындағы қорқыныштар нормасына сәйкес. Сонымен бірге бұл жастағы ер және қыз балаларда бірдей еретегілер кейіпкерлерінен және жануарлардан қорқу тән. Дегенмен, қорқыныштардың бар болуына байланысты ер және қыз балалар арасында айырмашылықтар байқалды, қыз балаларда ер балалармен салыстырғанда қорқыныштар көбірек анықталды.

Үрейді анықтауға бағытталған Тэммл, Дорки, Амен тесті бойынша біз сыналушылардың жыныстық ерекшеліктеріне байланысты айырмашылықтар бар екені байқадық, ер балаларда үрей индексі төмен деңгейде екенін, ал қыз балаларда орташа деңгейде екенін анықтадық. Және біз құрастырған анкета бойынша ер балалар мен қыз балалардың мектепке қатысты қорқыныштарының көрсеткіштер деңгейлері бойынша ғана айырмашылықтар белгілі болды.

Зерттеу нәтижелері алдымызға қойған болжамызды растады, кіші оқушы жасындағы қорқыныш сезімі оқушылардың жыныстық ерекшеліктеріне байланысты, яғни ер балалар мен қыз балалардың қорқыныштары бойынша айырмашылықтар байқалды.

Кіші оқушылардың қорқыныш сезімдерін жоюға арналған ата-аналар мен мұғалімдерге ұсыныстар:

1. Қорқыныштардан қашпау, оларды баламен талқылап көру, бала неден және қандай себептен қорқады анықтап білуге тырысу қажет.

2. Ата-ана немесе мұғалім, біріншіден, өз өзін қолда ұстау керек, жақсы ойларды ойлап, балаға қатысты шыдамдылық танытып, жағымды, позитивті ойларды балаларға да жеткізуі тиіс (бәрі жақсы болады, сен мықтысың, сен ештеден қорықпайсың т.с.с.).

3. Баланы қорқынышқа тіке қарауға үйрету қажет, бірақ тым асып кетпеу керек, қорқыныш — бұл адамның қиялы екенін балаға түсіндіріп көру қажет.

4. Баланың ерік-жігерін жаттықтыруға тырысу керек.

5. Әрдайым балаға тірек болуыңыз тиіс.

Баланың өз өзіне сенімділігін келесі ойындар арқылы арттыру мүмкін:

«Айтыңыз» ойыны. Балалар шеңберге тұрады, біреу шеңбердің ортасында тұрады. Шеңберде тұрған балалар шеңберді тарлатып, ішінде тұрған балаңы «езуге» тырысады. Ортадағы бала қолдарын кең жайып, алды-артынан қорғалады. Шеңбер ішіндегі бала қоршағандарға қолдарын тигізген бетте, олар артқа шегінеді. Содан соң шеңберді қайта тарылтады, шеңбердегі бала қайта қорғанады.

Бұл жаттығу арқылы бала өз өзіне тұра алатынын көрсетіп, өз жайында жағымды баға қалыптастырады.

«Өту» ойыны. Тар кеңістіктің қорқынышын жеңуге бағытталған. Қатысушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ кедергілер қатарынан, мысалы, орындықтар мен үстелден өтеді, екінші топ оларды қуады. Қашып үлгергендер өз қорқыныштарын жеңді деп есептеуге болады.

Қорқынышқа тұрақтай алу мақсатында балаларға әңгімелерді құрастыруға ұсынуға болады. Егер бала биіктіктен қорықса, онда ол осы қорқынышты қай жерде және алатындығы туралы әңгіме құрастыра алады.

Зерттеу барысында алынған мәліметтер ғылыми және тәжірибелік мағынаға ие.

Теориялық мәні қорқыныш пен үрей қалпы туралы білімдерді жүйелеуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында алынған мәліметтер бойынша бастауыш сынып оқушыларында басым кездесетін қорқыныштардың ішінен ертегілер кейіпкерлерінен, жануарлардан, жаман баға алудан қорқатындығы анықталды.

Практикалық маңыздылығы — зерттеу барысында алынған мәліметтерді бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу процесі барысында мектеп оқытушыларына, әлеуметтік педагогтарға, ата-аналарға пайдалы бола алады. Сонымен бірге зерттеу жұмыстың нәтижелерін тәжірибелік психологтар психологиялық кеңес беру, коррекционды жұмыс немесе тренингтер жүргізу барысында қолдана алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Захаров А.И. Неврозы у детей и подростков. — СПб.: Союз; Лениздат, 1998. — 201 с.
- 2 Громова Т.В. Страна эмоций: Методика как инструмент диагностической и коррекционной работы с эмоционально-волевой сферой ребёнка. — М.: Перспектива, 2002. — 48 с.
- 3 Хрестоматия по детской психологии / Сост. Г.В.Бурменская. — М.: Ин-т практ. психологии, 1996. — С. 264.

Г.У.Сатенова

Экспериментальное исследование чувства страха у учеников младших классов

В статье рассматривается проблема страха у учеников в младшем школьном возрасте. Приведены результаты экспериментального исследования, для проведения которого были использованы следующие методы: методика изучения страхов детей «Страхи в домиках», тест Тэммл, Дорки, Амена на определение тревожности и авторская анкета. Анкета, составленная автором, направлена на изучение страхов у учащихся в учебном процессе. Полученные результаты были полностью интерпретированы, проведен их количественный и качественный анализ. Выводы статьи касаются гендерных различий страхов в младшем школьном возрасте.

G.U.Satenova

Pilot study of sensation of fear at pupils of elementary grades

In article the problem of fear of pupils at younger school age is considered. Results of experimental research are given in article. For carrying out this research the following methods were used: a technique of studying of fears of children «Fears in lodges», the test Temml, Dorki, Amena on determination of uneasiness, the author's questionnaire. The questionnaire made to authors is directed on izcheniye of fears in educational process. The received results were completely interpreted, the quantitative and qualitative analysis is carried out. Conclusions of article concern gender distinctions of fears at younger school age.

References

- 1 Zakharov A.I. *Neuroses at children and teenagers*, Saint Petersburg: Soyuz; Lenizdat, 1998, 201 p.
- 2 Gromova T.V. *Stran of emotions: A technique as the instrument of diagnostic and correctional work with the emotional and strong-willed sphere of the child*, Moscow: Perspective, 2002, 48 p.
- 3 *Anthology of children's psychology* / Comp. G.V.Burmenskaya, Moscow: Institute of practical psychology, 1996, 264 p.